«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

17.04.2018 № 02-09/876

**«Бек-Нур Security» ЖШС**
*Ақтау қаласы, 13 шағын аудан, 33/1 үй.*

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) Сіздің 28.03.2018 жылғы №8742 *(веб-порталмен келіп түскен)* арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, «Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының» ММ (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) жаряилаған №2252851-1 санды *«Тәулік бойы күзету қызметтер»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде Сіздің арызыңызда көрсетілген мәселелер өз дәлелін тапты.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бектіліген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының (бұдан әрі - Қағида)85-1 тармағында тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 9-бабы 3-тармағында әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Сонымен бірге, Қағиданының конкурсттық құжаттамасының 6-қосымшасының ескертпесінің 2-тармағында растаушы құжаттардың **электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті**. Конкурстық құжаттамада **тиісті материалдық** және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде **талаптар көзделмеген жағдайда растаушы құжаттардың** электрондық **көшірмелерін бермеуге де** болады деп нақты көрсетілген.

Осыған сәйкес, Ұйымдастыру тарапынан бекітілген конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушілерде **автотранспорт (транспорт) болуы жөнінде біліктілік талабы** көзделмегені анықталды.

000180

Бұдан басқа, Департамент тарапынан камералдық бақылау жүргізу барысында бұзушылықтар анықталып Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделген тәртіппен тиісті шара қабылдау үшін Ұйымдастырушыға анықталған бұзушылықтарды жою үшін хабарлама жіберілді.

Сонымен қатар, Ұйымдастырушы хабарламамен келіспен жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылдағы 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 14-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарсылық жіберуге құқылы.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10-бабына сәйкес арызыңызға жауап мемлекеттік тілде берілді және 12-бабына сәйкес өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

**Департамент басшысы** **С. Қасымов**

*орын. Н.Жақайұлы*
*тел: 8/7292/ 31-90-92*